



2024-2025 оқу жылының күзгі семестрі

ID 81841 Меншікті басқару

**6B04101 "Мемлекеттік және жергілікті басқару"
білім беру бағдарламасы**

Д 15 **Қазақстанда мемлекеттік меншікті басқарудың
басым бағыттары**

Дәріскер: э.ғ.к., доцент

Смагулов А.

МЕНШІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНЫ

- 1. Меншіктің экономикалық категория ретіндегі мазмұны.**
- 2. Меншік нысандарының жіктемесі.**
- 3. Мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру бағыттары**

Меншік қатынастары

Тарихи дамудың
нәтижесі

экономикалық
жүйенің негізі

Қоғамның әлеуметтік құрамын, әлеуметтік топтарын, олардың арасындағы өзара-байланыстарды анықтайды

Меншік - игіліктерді иемденудің әлеуметтік анықталған нысаны

Меншіктің экономикалық мазмұнының сипаттамалары

Экономика ғылымы өндіру, бөлу, айырбас арқылы игіліктерді иемденуді зерттейді

Экономикалық тұрғыда иемдену нысаны маңызды (өндірістің факторлары, құралдары, шарттары)

Жұмыс күшінің өндірістің құрал жабдықтары мен бірігу сипаты (адамдардың өндірістік-экономикалық іс-әрекетінің әлеуметтік сипатын анықтайды);

Бір қатысушының игілікті иемденуі (алуы) басқаның бөтенсуін (жоғалтуын) білдіреді

Меншіктің жүзеге асуының маңызды экономикалық нысаны-табыстар

Меншік экономикалық категория ретінде игіліктерді иемдену барысында туындайтын қоғамдық қатынастар

Меншік объектілері

Өндірістің және адам өмір сүруінің материалды шарттары, өндіріс нәтижелері (игіліктер)

Жер, ғимараттар, табиғи ресурстар, өндіріс құрал-жабдықтары, мүлік, ақша, асыл заттар, ақпарат, жұмыс күші, білім, бағалы қағаздар.

Меншік субъектілері

Меншік қатынастарының тараптары, жеке және заңды тұлғалар;

Адам, отбасы, әлеуметтік топтар, ұжым, халық, мемлекет, басқару органдары.

Меншік қатынастары жүйесі

Субъект – объект - субъект қатынастары

Меншік зат емес, меншік – заттарға байланысты адамдар арасындағы қатынастар, яғни меншік объектісін пайдаланудағы субъектінің құқығы

Меншік қатынастары өндіріс факторлары және еңбек өнімін иемдену, бөтенсу, пайдалану, иелік ету, билік ету үрдістерін қамтиды

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншікке қатысты мынадай ұғымдар берілген;

Иемдену – мүлікті іс жүзінде иелену мүмкіндігінің заңдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі

Билік ету

пайдаланумен

Пайдалану – белгілі бір игіліктен оның пайдалы қасиеттерін алудың және одан пайда таба алудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі

пайдалану

иемденумен

Билік ету – мүліктің тағдырын айқындаудың заңмен қамтамасыз етілуі.

иемдену

Меншік нысандарымен

Меншіктің экономикалық мазмұнының сипаттамалары:

Меншік - өндірістің құрал жабдықтары және өніміне қатысты адамдар арасындағы қатынастар

Экономикалық билік және экономикалық тәуелділік қатынастары

Иемдену - меншік объектісін меншік субъектінің өз игілігіне пайдалануы.

Бөтенсу - меншік объектісін иеліктен шығару

Меншіктің экономикалық жүзеге асуы табыс нысандарынан және табысты бөлу әдістерінен көрінеді

Меншік құқықтарының жүзеге асуы

МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫ ТЕОРИЯСЫ

Негізін қалаушылар: Рональд Коуз, Армен Алчиан

Өкілдері: Й Барцель, Г. Демсец, Д. Норт, Р. Познер және т.б.

Меншікті
түсіндірудегі
ерекшеліктері

- ✓ ресурс емес, «ресурсты пайдалану бойынша құқық үлесі немесе шоғырлар» меншік болып саналады
- ✓ ресурстқа бекітілген құқық шоғырлары неғұрлым кең болса, соғұрлым оның құндылығы жоғары
- ✓ айырбас акты - меншік құқығы шоғырларының айырбасы
- ✓ меншік - экономикалық шешімдер қабылдау бойынша құқықтар жиынтығы
- ✓ Меншік қатынастары сиректік алғышартымен байланыстырылады
- ✓ Меншік қатынастары - материалды және материалды емес ресурстарға қол жетімділіктен ығыстырылу жүйесі


Меншік құқығы -

Ресурстарды
пайдалануды және
шығындар мен
ұтымдарды бөлуді
бақылау құқығы

«қоғамның сұраныс
және ұсыныс
үдерістерін жүзеге
асыруын анықтаушы
ойын ережелері»

Сирек ресурстар әлеміндегі
адамның орнын анықтайды,
әдеуметтік жанжалдардың
алдын алады,
экономикалық орта:
реттелген, ұйымдасқан,
болжамды

МЕНШІК НЫСАНДАРЫ



- • Мемлекеттік меншікті басқару – мемлекеттік активтердің тиімділігін арттыру, экономикалық дамуды ынталандырудың және қоғам қажеттіліктерін қанағаттандырудың маңызды құралы.
- • Қазақстанда бұл бағытта соңғы жылдары бірқатар реформалар жүргізілуде.

Мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру бағыттары

- 1. Жекешелендіру:
 - - Мемлекеттік активтерді жеке секторға өткізу арқылы олардың тиімділігін арттыру.
- 2. Мемлекеттік активтерді тиімді басқару:
 - - «Самұрық-Қазына» қоры сияқты институттар арқылы басқаруды жетілдіру.

Басқаруды жетілдіру бағыттары (жалғасы)

- 3. Экономикалық тиімділікті арттыру:
 - - Мемлекеттік меншікке жататын нысандарды корпоративтік басқару стандарттарына сай жаңғырту.
- 4. Цифрландыру:
 - - Мемлекеттік активтерді басқаруды оңтайландыру үшін цифрлық технологияларды қолдану.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік (МЖС)

- • Инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруда тиімді құрал.
- • МЖС арқылы бюджетке түсетін жүктеме азаяды және халыққа қызмет көрсету сапасы артады.

Жауапкершілік пен есептілікті арттыру

- • Ашықтықты қамтамасыз ету.
- • Кәсіпорындардың қоғам мен мемлекетке есеп беруін күшейту.

Негізгі реформалар

- 1. Жекешелендіру бағдарламасы:
 - - 2021–2025 жылдарға арналған жекешелендіру жоспары.

- 2. Корпоративтік басқару стандарттары:
 - - Мемлекеттік кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға сәйкес басқару.

- 3. Активтерді оңтайландыру:
 - - Мемлекеттік активтерді инвентаризациялау және қажетсіз активтерден арылу.

Жетілдірудің маңызы

- • Экономикалық өсуді қолдау.
- • Бюджетке түсетін жүктемені азайту.
- • Халықтың әл-ауқатын арттыру.

- • Мемлекеттік меншікті басқаруды жетілдіру экономиканың тұрақты дамуын және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды қамтамасыз етеді.
- • Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету – тиімді басқарудың басты шарты.

Меншікті өзгерту нысандары

Мемлекет иелігінен алу - бұл мемлекеттік кәсіпорындарды тікелей шаруашылық жүргізуші субъектілерге шаруашылық жүргізу және оларға сәйкес өкілеттіліктерді беру арқылы өзгерту

Жекешелендіру заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттен мемлекеттік меншік объектілерін, сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың өзгертілуі арқылы құрылған акционерлік қоғамдардың акциялар үлесін алуы

Жекешелендірудің түрлері

Кіші жекешелендіру - жұмысшылар саны 200 адамға дейінгі мемлекеттік меншіктің шағын объектілерін жекешелендіру

Жаппай жекешелендіру - жұмысшылар саны 200 адамнан асатын орта кәсіпорындарды жекешелендіру. Басқаша, бұл купондық жекешелендіру деп аталады

Жеке жобалар жекешелендіру - жұмысшылар саны 5000 адамнан асатын ірі және стратегиялық маңызы бар мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру

Жекешелендіру әдістері

Аукциондар, бұлар конкурстар жариялау арқылы қандай да бір мүлікті сату және сатып алу тәсілдерін қарастырады

Акцияларды сату, яғни кәсіпорын капиталындағы үлестерді сату.

Жалға берілген кәсіпорындардың мүлкін сатып алу.

Ұлттандыру, қайта жекешелендіру

Мемлекеттік меншікті басқару тиімділігін арттыру мынадай мақсаттарды іске асыруға бағытталуға тиіс:

- мемлекеттік меншікті жақсырақ басқару есебінен мемлекеттік бюджеттің кірістерін ұлғайту;
- макро-және микро деңгейде экономикалық өсуге қол жеткізу үшін мемлекеттік меншіктің құрылымын оңтайландыру;
- мемлекеттік меншікті оның объектілерінің барынша көп санында басқаруды жетілдіру;
- мемлекеттік активтерді мемлекеттік меншікті тартудың құралы ретінде пайдалану экономиканың нақты секторына инвестициялар.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің негізгі мақсаты мынада:

шаруашылық субъектілерінің тиімді түрі ретінде жеке меншік топтарын қалыптастыру

бағалы қағаздар нарығының субъектісі ретінде инвестициялық құрылым жүйесін дамыту және нығайту

бәсекелестік ортаны қалыптастыру арқылы, өндірісті монополиясыздандыруды қамтамасыз ету

жеке бизнес басымырақ ұйымдық шаруашылық құрылымды қалыптастыру

шағын және орта бизнесты дамыту

Осы мақсаттар мынадай міндеттерді шешу кезінде іске асырылуы мүмкін:

- мемлекеттік меншікті толық түгендеу, осы объектілерді есепке алу жүйесін әзірлеу және іске асыру және оларға құқықтарды ресімдеу;
- мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін арттыру, басқару процестерін егжей-тегжейлі құқықтық регламенттеу;
- мемлекеттік меншік объектілерін басқару ерекшелігін айқындайтын белгілер бойынша жіктеу;
- басқару объектілерінің санын оңтайландыру және Объектілік басқару бойынша көшу- әрбір объект немесе объектілер тобы бойынша Мемлекеттік басқару мақсаттарын айқындау;
- коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қатысушысы (акционері) ретінде мемлекеттің құқықтарын қамтамасыз ету;
- мемлекеттік мүліктің пайдаланылуы мен сақталуын бақылауды, сондай-ақ басқарушы ретінде тартылатын адамдардың қызметін бақылауды қамтамасыз ету;
- мемлекеттік бюджетке қосымша кірістердің түсуін қамтамасыз ету.

***Назарларыңызға
рахмет!***